

Бекітемін

мектеп директоры

Б.Амержанов



**Жасыл ауылының негізгі орта мектебінің
мектепшілік бақылау жоспары**

2023-2024 оқу жыл

Мектепшілік бақылаудың мақсаты:

Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, мүдделерін, білім беру мүмкіндіктерін және денсаулық жағдайын ескере отырып, білім алушылардың даму серпінін мониторингілеу, олардың білім беру әулетін іске асыру негізінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру.

Мектепшілік бақылаудың міндеттері:

- ❖ Білім беру процесіндегі барлық қатысушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін барынша толық іске асыруға мүмкіндік беретін білім беру ортасын құру.
- ❖ Мемлекеттік стандарт ережелеріне сәйкес педагог қызметкерлер қызметінің тиімділігін талдау және бағалау; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың неғұрлым маңызды нәтижесін беретін пәндерді оқытудың тиімді тәсілдерін анықтау және қорыту. Бақылау процесінде педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету
- ❖ мектептегі педагогикалық процестің қызмет етуі мен дамуының мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келуіне қол жеткізу, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, білім беру процесін одан әрі жетілдіру.
- ❖ Мектеп құжаттамасының жай-күйі мен жүргізілуін бақылау жүйесін жетілдіру.